

Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылғандығына және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау, қаржыландыру және төлеу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Бірінші Қаржы министрінің бұйрығымен бекітілген 1998 жылғы 18 ақпан N 62 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бұйрығымен бекітілген 1998 жылғы 19 желтоқсан N 228-п Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 2 наурызда тіркелді. Тіркеу N 479. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1999 жылғы 12 сәуір N 60-п бұйрығымен. ~ V990801

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылғандығына және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңын Z970126\_ жүзеге асыру мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылғандығына және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау, қаржыландыру және төлеу тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

2. Облыстардың, Ақмола және Алматы қаласының қаржы басқармаларының бастықтары осы ережеге сәйкес мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды қаржыландыруды уақытылы және толық төлеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Бірінші Вице-министр

Осы Ереже Қазақстан Республикасының 1997 жылғы он алтыншы маусымдағы "Қазақстан Республикасында мүгедектігіне, асыраушысынан айрылғандығына және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау, қаржыландыру және төлеу туралы" Заңына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды (бұдан әрі-жәрдемақылар) тағайындаудың, қаржыландырудың және төлеудің тәртібін айқындайды.

## 1. Жәрдемақыларды тағайындау тәртібі

1. 1998 жылдың бірінші қаңтарынан бастап жәрдемақы алуға құқығы бар азаматтарға мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындауды Қазақстан Республикасының 1997 жылғы он алтыншы маусымдағы "Қазақстан Республикасында мүгедектігіне, асыраушысынан айырылғандығына және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау, қаржыландыру және төлеу туралы" Z970126\_ Заңымен белгіленген көлемде еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдары жүргізеді.

2. Аталған Заңның 1-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік арнаулы мекемелерде мемлекеттің толық қарауындағы адамдарға жәрдемақы төленбейді.

3. Жәрдемақы алуға құқығы бар адамдар тұрғылықты жерлері бойынша еңбек және халықты әлеуметтік қорғаудың аудандық (қалалық) бөлімдеріне жәрдемақы тағайындау туралы мынадай құжаттарды қоса отырып, өтініш береді:

мүгедектігі бойынша жәрдемақы тағайындау:

- алушының жеке басын растайтын құжат (төлқұжаты немесе жеке куәлігі);
- өтініші;
- мүгедектік тобын тағайындау туралы дәрігерлік-әлеуметтік сараптау комиссиясының анықтамасы (белгіленген үлгідегі);
- тұрақты тұрғылықты жері туралы тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының (ПМК), село және әкімдерінің және т.б. анықтамасы;
- әскери билет (әскери қызметшілер үшін), ішкі істер органдарында қызмет еткенін растайтын ішкі істер органдары берген анықтама;
- зейнетақы төлеу және жинақтаушы зейнетақы қорлары жөніндегі Мемлекеттік орталық берген зейнетақы төлемдерінің көлемі туралы анықтама, әскери қызметінің, ішкі істер органдарындағы қызметінің стажы 01.01.98 жылғы жағдай бойынша 10 жылдан астам стажы бар әскери қызметшілер мен ішкі істер органдарының қызметшілері;

асыраушысынан айырылғандығына байланысты жәрдемақы тағайындау кезінде:

- алушының жеке басын растайтын құжат (төлқұжатты немесе жеке куәлігі);
- оның асырауында болған, өлген асыраушының еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерінің саны көрсетілген өтініш;
- асыраушының өлгендігі туралы куәлік;
- өлген адаммен туыстық қатысын растайтын құжат (егер асырауында әкесі, анасы, аға-інісі, апа-қарындасы, немересі, өгей баласы немесе өгей қызы болса);
- неке туралы куәлігі;
- өлген асыраушының балаларының тууы туралы куәлігі;

- алимент туралы сот органдарының атқарушы парагы (қамқорлыққа алғандығы туралы құжат);
- енбекке жарамсыз отбасы мүшелерінің өлген асырауышының асырауында болғандығы және тұрақты тұрғылықты жері туралы тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының (ПМК), село және ауыл әкімдерінің және т.б. анықтамасы;
- әскери билет (өлген әскери қызметші үшін), ішкі істер органдарында қызмет еткенін растайтын ішкі істер органдары берген анықтама;
- еңбекпен қамту қызметі берген анықтама;
- еңбекке қабілетті жастағы асыраудағылардың еңбек кітапшасы;
- зейнетақы төлеу және жинақтаушы зейнетақы қорлары жөніндегі Мемлекеттік орталық берген зейнетақы төлемдерінің көлемі туралы анықтама, әскери қызметінің, ішкі істер органдарындағы қызметінің стажы 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 10 жылдан астам стажы бар әскери қызметшілер мен ішкі істер органдарының қызметшілері;
- өлген адамның 8 жасқа толмаған балаларын, аға-інісін, апа-қарындасын, немересін күтумен айналысадын, жұмыс істемейтін және жұмыссыз ретінде еңбекпен қамту қызметінде тіркелмеген адамдар үшін тұрғылықты жерлері бойынша салық комитеті берген табыс туралы анықтама.

жасына байланысты жәрдемақы тағайындау кезінде:

- алушының жасын растайтын құжат (төлқұжаты немесе жеке куәлігі);
- өтініші;
- тұрақты тұрғылықты жері туралы тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының (ПМК), село және ауыл әкімдерінің және т.б. анықтамасы;
- зейнетақы төлеу және жинақтаушы зейнетақы қорлары жөніндегі Мемлекеттік орталық берген зейнетақы төлемдерінің көлемі туралы анықтама.

4. Жәрдемақы тағайындау үшін қажетті құжаттардың түпнұсқасымен қатар зандармен белгіленген тәртіппе немесе еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдары бекіткен көшірмесі ұсынылады. Тіркелгеннен кейін құжаттардың түпнұсқасы өтініш білдірушіге қайтарылады.

5. Жәрдемақыны аудандық (қалалық) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі құжаттар ұсынылған күннен бастап он күндік мерзім ішінде тағайындауды және бөлім менгеруші бекітеді.

Жәрдемақыны тағайындаудан бас тартқан жағдайда әлеуметтік қорғау органы бас тарту себебін жазбаша түсіндіруге және құжаттарды өтініш білдірушіге қайтаруға міндетті.

6. Жәрдемақылардың көлемін қайта қарау республикалық бюджет туралы Заңмен жыл сайын бекітілетін есептік көрсеткіштің өзгеруіне, сондай-ақ мүгедектік тобының, асыраушысынан айырылғандығына байланысты жәрдемақымен қамтамасыз ететін отбасы мүшелерінің саны өзгеруіне

байланысты жүргізіледі.

## II. Әлеуметтік жәрдемақыларды қаржыландыру және төлеу

7. Облыстық қаржы басқармалары 6 функционалдық топ, 213 мекеме, 44, 45, 46 бағдарламалар, 00 ішкі топ, 332 "Үй шаруашылығының ағымдағы трансфертер" ерекшеліктері бойынша шығыстардың сметаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1996 жылғы 2 ақпандығы N 264 бұйрығымен бекітілген, қаражаттарды жұмсауға арналған лимиттерді белгілеу жолымен жергілікті бюджетте тұратын бюджеттік мекемелерді қаржыландыру жөніндегі Нұсқаулыққа сәйкес аудандық (қалалық) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімдерінің аудандық шоттарына одан әрі аудару үшін (ұсынылған тапсырысқа сәйкес) облыстық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімдеріне төлеуге арнап ай сайын қаражат бөледі.

Облыстық қаржы басқармалары жоғарыда аталған Нұсқаулыққа сәйкес аудандық (қалалық) бюджеттерден жәрдемақы төлеуге арнап қаражат белген жағдайда қаржыландырудың өзге жағдайын тағайындауы мүмкін.

8. Аудандық (қалалық) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімдері:

8.1. осы Ереженің 2-тармағы негізінде әр алушыға арнап іс қағазын және салымдар бойынша бет шоттарының нөмірлерін, төлкүжат деректерін, үйдің мекен-жайын, тағайындалған жәрдемақының сомасын көрсетіп есеп карточкасын ашады;

8.2. 8.1 тармақ негізінде ай сайын ағымдағы айдың жиырма бесі күніне дейін осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша екі дана етіп бағдарламалар мен ерекшеліктерді көрсетіп мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың әр түрі бойынша жиынтық тізімін қалыптастырады, бір данасын Қазақстанның Ұлттық Банкінің келісімімен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өткізетін тендерін жеңіп алған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің аудандық бөлімшелеріне (бұдан әрі мәтін бойынша-банк-агент) жолдайды.

Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуге арналған арнаулы Агенттік келісім Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және тендер банк-жеңімпазы арасында жасалады.

9. Аудандық (қалалық) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімдері тағайындалған жәрдемақылардың сомаларын ескере отырып тағайындалған жәрдемақыларды төлеуге арналған қаражаттардың қажетті сомаларын, сондай-ақ

8.2. тармаққа сай жасалған Агенттік келісімге сәйкес тағайындалған комиссиялық сыйақылардың сомаларын банк-агенттердің аудандық

бөлімшелеріндегі қосалқы корреспонденттік шоттарына аударады.

10. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуді еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімдерінің ұсынған тізімдеріне сәйкес өткен ай үшін банк-агенттер жүргізеді.

11. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуді алушының жеке өзін растайтын құжатты (төлкүжатты, зейнеткерлік құжатты) ұсынған кезде алушылардың тізімі негізінде банк-агенттердің бөлімшелері жүргізеді. 8.1. тармақта айқындалған көлемде азаматтардың салымдары бойынша шотқа олардың сомаларын есептеу жолымен азаматтың банктер арқылы жәрдемақыны алғандығы туралы жазбаша етініші жәрдемақыны алушының жеке іс қағазында бар болуы міндетті шарт болып табылады.

12. 1998 жылдың бірінші қаңтарына дейінгі қолданылып жүрген заңдар бойынша ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамдағы әскери қызметтегі (мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілерден басқалары) адамдарға мүгедектігіне және асыраушысынан айырылғандығына байланысты (қазіргі уақытта мүгедектігіне және асыраушысынан айырылғандығына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар) белгіленген тәртіпте республикалық бюджет қаражаттары есебінен жүргізіледі.

13. Екі ата-анасынан да айырылған балаларға (тұл жетімдерге) олардың заңды екіліне (асырап алушыға, қамқоршысына) төленеді.

Балаларды ұстая бойынша қабылдаған міндеттемелерді қамқоршы (асырап алушы) орындаған жағдайда оған басқа адамды тағайындағанға дейін қамқоршы және қорғаушы жөніндегі Комиссия жәрдемақы төлеуді тоқтатады.

14. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуді бір жылдан артық емес мерзімге, нотариалдық тәртіпте бекітілген сенімхат бойынша жүргізілуі мүмкін.

15. Егер сенімхат жәрдемақыны алушының тұрғылықты жер бойынша тұрғын үй-пайдалану ұйымдары немесе олар тұрақты емдеуден отіп жатқан емдеу мекемесі бекіткен жағдайда-мерзімі 4 айдан аспайды.

16. Банк-агенттердің аудандық бөлімшелері төлем жасалатын айдан кейінгі айдың бесі күніне дейін ай сайын облыстық қаржы басқармаларына облыстар бойынша жиынтық есепті тапсыру үшін облыстық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімдеріне жолдайтын аудандық (қалалық) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімдеріне төленген мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың сомалары туралы мәліметті осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша ұсынады.

17. Аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімдері тоқсан сайын 1-әлеуметтік қамсыздандыру нысаны бойынша облыстық, Ақмола және Алматы қалалық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларына тағайындалған және төленген жәрдемақы қаражаттарының сомалары туралы акпарат ұсынады.

18. Облыстық, Ақмола және Алматы қалалық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармалары тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың отызы күнінен кешіктірмей көрсетілген мақсатқа арналып жергілікті бюджеттерді нақтылау үшін облыстық қаржы басқармасына мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың бағдарламалары мен ерекшеліктерін көрсете отырып 1-әлеуметтік қамсыздандыру нысаны бойынша жиынтық есебін жолдайды.

Аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімдері жәрдемақыларды төлеуге арналған аудандық (қалалық) бюджеттердің қаражаттарынан қаржыландырылған жағдайда тоқсан сайын көрсетілген мақсатқа арнап жергілікті бюджеттердің шығыстары үшін аудандық (қалалық) қаржы бөлімдеріне тағайындалған және төленген жәрдемақы қаражаттарының сомалары

туралы 1-әлеуметтік қамсыздандыру нысаны бойынша есепте тоқсан сайын ақпарат ұсынады.

19. Халықты әлеуметтік қорғау органдарының мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындаудың дұрыстығына бақылау жасауды олардан жоғары тұрған және өкілетті орган жүзеге асырады.

20. Тиісті органдар тексеру кезінде анықталған, нәтижесінде олар дұрыс тағайындалмаған жәрдемақылар бойынша артық төленген сомалар қолданылып жүрген заңдармен белгіленген тәртіpte қалпына келтіруге жатады.

## 1-қосымша

N \_\_\_\_\_ қаласының, ауылдының  
банктеңі салымдары бойынша шоттарына олардың  
сомасын аудару жолымен  
199 \_\_\_\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ арналған  
бағдарлама, \_\_\_\_\_ ерекшелік бойынша  
облысының \_\_\_\_\_ ауданындағы мемлекеттік  
әлеуметтік жәрдемақы алуға құқығы бар азаматтардың

## ТІЗІМІ

р/р	бойынша	тегі, аты	жәрдемақының	мәліметі	мекен -
беттік	және	сомасы			жайы
шоттың	әкесінің				
нөмірі	аты				

---

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі  
bastығы орынбасарының қолы  
Бас бухгалтердің қолы

---

## 2-қосымша

бойынша  
ұйымның атауы  
19 \_\_ жылдың \_\_\_\_\_ арналған  
төленген мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың  
сомалары туралы  
есебі

---

Өлшем	Сомасы-	Мүгедек.	Асыраушы.	Жасы	
бірлігі	барлығы	тігі	сынан	бойын.	
			бойынша	айырылу	ша
			әлеумет.	жағдайы	әлеу.
			тік	бойынша	жәрдем
			жәрдем.	әлеумет.	146-
			(44-	жәрдем.	бағ.
			бағдар.	(45-	дар.
			лама)	бағдар.	лама
| | | | | |лама) | | |  
|-----|-----|-----|-----|-----|  
| Мемлекеттік әлеуметтік | мың | | | | | |  
| жәрдемақыларды төлеуге | теңге | | | | | |  
| арналған алынған бюджеттік| | | | | | | |  
| қаражаттардың сомасы | | | | | | | |  
| есепті ай үшін | мың | | | | | |

	төңге					
жыл басынан бері	мың					
	төңге					
Банк қайтарған	мың					
қаражаттардың қалдығы	төңге					
есепті ай үшін	мың					
	төңге					
жыл басынан бері	мың					
	төңге					
Мемлекеттік әлеуметтік	мың					
жәрдемақы төлемдерінің	төңге					
төленген сомасы						
есепті ай үшін	мың					
	төңге					
жыл басынан бері	мың					
	төңге					
Есепті айдың аяғы үшін	мың					
төленбеген қаражаттардың	төңге					
қалдығы						
Ақшалай төлемдер төленген	адам					
азаматтардың саны						
есепті ай үшін	адам					
жыл басынан бері	адам					
Ақшалай төлемдер	адам					
төленбеген азаматтардың						
саны						
есепті ай үшін	адам					
жыл басынан бері	адам					

Басшы

(қолы) (тегі және аты, әкесінің аты)

Бас бухгалтер

(қолы) (тегі және аты, әкесінің аты)

М.О.

19 \_\_ жылғы " \_\_ "

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК